АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТЫ

КУРМАНГАЗИНСКИЙ
РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ

20 22 жылғы « 14 » желтоқсан № 197-VII

Құрманғазы ауылы

РЕШЕНИЕ

«___» _____ 20 ____ года

село Құрманғазы

Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №117-VII «2022-2024 жылдарға арналған ауданның бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Құрманғазы аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Құрманғазы аудандық мәслихатының «2022-2024 жылдарға арналған ауданның бюджетін бекіту туралы» 2021 жылғы 27 желтоқсандағы №117-VII (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26244 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 11 955 314 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3 491 187 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 34 495 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 14 525 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 8 415 107 мың теңге;

2) шығындар – 12 543 493 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 16 211 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 41 351 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 25 140 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 604 390 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 604 390 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 41 351 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 25 140 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары – 588 179 мың теңге.»

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«2. Аудан бюджетіне жалпы мемлекеттік салықтар түсімінің жалпы сом нормативі 2022 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

корпоративтік табыс салығы - 50%;

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табы салығы - 100%;

әлеуметтік салық - 75%.»

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«5. 2022 жылға аудандық бюджеттен ауылдық округтердің бюджеттері келесі көлемдерде трансферттер беру белгіленсін:

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелері басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архи мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысы қосымша ақылар белгілеуге 36 134 мың теңге;

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюдже қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналы кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 85 279 мың теңге;

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы бойынша ел мекендерді көгалдандыруға 4 069 мың теңге;

қысқы мерзімге дайындық жұмыстарын жүргізуге 472 095 мың теңге;

мәдениет ұйымдарын ағымдағы ұстауға, материалдық-техникалы жарақтандыруға және күрделі жөндеуге 73 617 мың теңге;

автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 19 973 мы теңге.»

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. 2022 жылға жергілікті атқарушы органның резерві 55 243 мың теңг сомасында бекітілсін.»

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджетте және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан келесі көлемдерд ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге 66 881 мың теңге;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуі және өмір сүру сапасын жақсартуға 14 217 мың теңге;

нәтижелі жұмыспен қамтуды дамытуға 168 820 мың теңге;

мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытш болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлері жалақысын көтеруге 114 274 мың теңге;

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюдже қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналы кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 144 674 мың теңге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерін басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және арх мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысы қосымша ақылар белгілеуге 76 445 мың теңге.»

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте Қазақст Республикасының Ұлттық қорынан келесі көлемде нысаналы даму трансфе көзделгені ескерілсін:

«Ауыл - Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерд әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға 15 000 мың теңге.»

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен кел көлемдерде нысаналы ағымдағы трансферттер көзделгені ескерілсін:

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы бойынша ел мекендерді көгалдандыруға 4 069 мың теңге;

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының «Алғашқы жұмыс орн жобасын жүзеге асыруға 792 мың теңге;

азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге 115 4 мың теңге;

мәдениет ұйымдарын ағымдағы ұстауға, материалдық-техникал жарақтандыруға және күрделі жөндеуге 74 718 мың теңге;

қысқы мерзімге дайындық жұмыстарын жүргізуге 487 960 мың теңге;

жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға 82 881 мың теңге;

автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 81 301 мн теңге;

«Ұрпақтар келісім шарты» жобасын жүзеге асыруға 460,0 мың теңге;

мүгедек балалар мен 1 топтағы мүгедектердің санаторлық-курортт емделу кезінде ілесіп жүретін адамдардың жол жүру шығындарына 1 038 мың теңге;

жерді аймақтарға бөлу схемасын әзірлеу және елді мекендерд шекарасын айқындау, жер учаскелері бойынша құжаттарды рәсімдеу үш 100 607 мың теңге.»

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«10. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджетт келесі көлемдерде нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін:

ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйес дамытуға 37 482 мың теңге;

мәдениет объектілерін дамытуға 12 000 мың теңге;

көлік инфрақұрылымын дамытуға 243 540 мың теңге.

инженерлік инфрақұрылымның құрылысына 12 060 мың теңге;

объектілерді салуға және қайта жаңартуға 18 500 мың теңге;

спорт объектілерін дамытуға 9 000 мың теңге.»

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«12. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте жергілікті атқаруш органдардың қарызын өтеу және борышына қызмет көрсету үшін 30 179 мы теңге көзделгені ескерілсін.

2022 жылға аудандық бюджетте ауылдық елді мекендерде жұмыс іст және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметт қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласында мамандарға, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекетт қызметшілеріне жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жол көтерме жәрдемақы және бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсетк мөлшерінде тұрғын үй сатып алуға немесе салу үшін бюджеттік кредитт көзделгені ескерілсін.»

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасы сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

3. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы **Б.Жугинисо**